сулы ортадағы катодты тотықсыздану процесі вольтамперометриялық әдісімен потенциодинамикалық поляризациялық қисықтар түсіру арқылы зерттелді. Зерттеу жұмыстарында тазалығы жоғары анализ үшін таза  $MnSO_4$  тұзы қолданылды. Рентген фазалық талдау нәтижелері біз қолданған  $MnSO_4$  үлгісінің айқын кристалдық құрылымға ие екендігі анықталды. Вольтамперометрлік зерттеулер катодты-анодты кеңістігі бөлінген үш электродты, термостатталған электролизерде жүргізілді. Тұрақты температураны сақтау мақсатында LT-105a маркалы термостат қолданылды. Салыстырмалы электрод ретінде қаныққан KCl ( $E=0,225V$   $200^{\circ}C$ ), ерітіндісіне батырылған күміс-хлор электроды және көмекші электрод ретінде ауданы үлкен платина сымы қолданылды. Жұмысшы катод электроды ретінде тефлонмен қапталған диаметрі — 4мм болатын титан және қорғасын сымдары пайдаланылды. Титан және қорғасын электродтарында түсірілген катодты және циклді анодты-катодты, катодты-анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисықтарда марганецтің тотықсыздануы және қайта тотығу процестерінің ток максимумдері айқын тіркелетіндігі байқалады. Дегенмен, қорғасын электродында марганец иондарының тотықсыздануымен қатар электрод бетінде қорғасын қосылыстары ( $PbSO_4$ ) түзіліп, оның қорғасын металына дейін тотықсыздануы орын алатындығы анықталды. Бұл электрод бетінде таза өнімді алуды шектеумен қатар қосымша шығынның жүруін көрсетеді. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, титан электродын марганецтің электроэкстракциясы үшін тиімді катодтық материал ретінде ұсынуға болады.

**Түйін сөздер:** марганец, электролиз, электрохимия, электрототықсыздану, титан электроды, қорғасын электроды, поляризациялық қисық

***Қаржыландыру:** бұл зерттеу Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті қаржыландыратын BR23991563 Минералдық және техногендік шикізатты өндірудің және кешенді өңдеудің инновациялық ресурс үнемдейтін технологияларын құру бағдарламасы аясында жүргізілді.*

©Б.Э. Мырзабеков<sup>1,2</sup>, А.Б. Маханбетов<sup>1,2\*</sup>, Т.Э. Гаипов<sup>1,2</sup>, Б.С. Абжалов<sup>2</sup>,  
Н.Н. Нурғалиев<sup>3</sup>, 2025.

<sup>1</sup>Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья  
Республики Казахстан, Алматы, Казахстан;

<sup>2</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,  
Туркестан, Казахстан;

<sup>3</sup>НАО Университет Шакарима, Семей, Казахстан.

E-mail: arman28031984@gmail.com

## ЭЛЕКТРОХИМИЧЕСКОЕ ВОССТАНОВЛЕНИЕ ИОНОВ МАРГАНЦА (II) НА ТИТАНОВОМ И СВИНЦОВОМ ЭЛЕКТРОДАХ

**Мырзабеков Бегзат** — PhD, старший научный сотрудник, Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья Республики Казахстан, Алматы, Казахстан,



E-mail: myrzabekbegzat@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7321-2782>;

**Маханбетов Арман** — PhD, доцент, старший научный сотрудник, Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья Республики Казахстан, Алматы, Казахстан,  
E-mail: arman28031984@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1620-6922>;

**Гайпов Тулкинжон** — кандидат химических наук, старший научный сотрудник, Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья Республики Казахстан, Алматы, Казахстан,  
E-mail: tolya77784@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9723-3745>;

**Абжалов Багдат** — кандидат химических наук, доцент, старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Яссави, Туркестан, Казахстан,  
E-mail: bagdat.abzhalov@ayu.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7983-2392>;

**Нургалиев Нуржан** — PhD, доцент-исследователь, Кафедра химии и экологии, НАО Университет Шакарима, Семей, Казахстан,  
E-mail: nurgaliynurzhan@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1216-7150>.

**Аннотация.** В данной работе исследован процесс катодного восстановления ионов марганца (II) на титановых и свинцовых электродах в растворе сульфата аммония ((NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>) и в водной среде методом вольтамперометрии путём снятия потенциодинамических поляризационных кривых. В экспериментах использовался высокочистый реактив MnSO<sub>4</sub>. Рентгенофазовый анализ показал, что используемый образец MnSO<sub>4</sub> обладает чётко выраженной кристаллической структурой. Вольтамперометрические исследования проводились в термостатированной трёхэлектродной электрохимической ячейке с разделённым катодно-анодным пространством. Для поддержания постоянной температуры использовался термостат марки LT-105а. В качестве электродов применялись: насыщенный КСl (E = +0,225 В при 20°C) хлорсеребряный электрод сравнения, платиновая проволока большой площади — в качестве вспомогательного электрода, а также тефлоном покрытые титановые и свинцовые проволоки диаметром 4 мм — в качестве рабочих катодных электродов. На катодных и циклических анодно-катодных и катодно-анодных потенциодинамических поляризационных кривых, полученных на титановых и свинцовых электродах, чётко фиксируются токовые максимумы, соответствующие процессам восстановления и повторного окисления марганца. Однако на свинцовом электроде, наряду с восстановлением ионов марганца, наблюдается образование соединений свинца (PbSO<sub>4</sub>) и их последующее восстановление до металлического свинца. Это ограничивает получение чистого продукта на поверхности электрода и указывает на наличие побочных процессов. На основе полученных результатов титан рекомендуется в качестве эффективного катодного материала для электроэкстракции марганца.

**Ключевые слова:** марганец, электролиз, электрохимия, электровосстановление, титановый электрод, свинцовый электрод, поляризационная кривая

**Кіріспе.** Соңғы жылдары марганец металына деген сұраныс артып, оның тазалығына қойылатын талаптар да жоғарылады. Осыған байланысты марганецті жоғары тазалықта бөліп алу әдістерін жан-жақты зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Тазалығы жоғары марганец металын алу әдістерінің ішінде электроэкстракция белгілі тәсілдер бәсекелес бола алмайтын ең тиімді әдіс ретінде ерекшеленеді.

Бұл әдіс марганецті тікелей ерітіндіден бөліп алуға және металл тазалығын жоғары деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Алайда марганецтің электродтық потенциалының теріс мәнге ие болуы оның сулы ортада электролиз арқылы алынуын күрделендіреді. Сондықтан марганец иондарының катодта тотықсыздану процесіне электролиттің құрамы мен құрамдас бөліктерінің әсері айтарлықтай маңызды фактор болып табылады (Yunyu et al, 2025).

Осыған орай, марганецтің электрохимиялық тотықсыздануы кезінде жүретін катодтық және анодтық процестер вольтамперометриялық әдіс арқылы зерттелді. Бұл мақсатта потенциодинамикалық анодты-катодты және катодты-анодты поляризациялық қисықтар тұрғызылып, электродтық реакциялардың кинетикалық ерекшеліктері мен механизмдері талданды.

Вольтамперометриялық әдістер арқылы металдардың электрохимиялық қасиетін қарастыру және электролиз жүргізу арқылы еріту немесе катод бетінде тотықсыздандырып зерттеу кейінгі әдебиеттерде көптеп кездеседі (Baeshov et al, 2024; Baeshov et al, 2020; Baeshov et al, 2020).

Марганецтің өндірісінде алюмотермиялық, селикотермиялық әдістер кеңінен қолданылғанымен, олар қазіргі талаптарға сай тазалығы жоғары металдық марганецті алуға мүмкіндік бермейді. Зерттеулер көрсеткендей, құрамында қажетсіз қоспалары мөлшері 0,1%-дан аспайтын жоғары тазалықпен марганецті тек электролиз әдісі арқылы алу мүмкін. Бұл әдіс марганец кендерін күкірт қышқылымен сілтісіздендіріп, алынған марганец сульфатын қажетсіз қоспалардан гидролиттік және сульфидтік тазалаудан өткізілген бейтарап ортадағы (рН 7-8,4 аралығында) ерітіндімен электролиз жүргізуге негізделген (Baeshov et al, 2024; Baeshov et al, 2020).

**Материалдар мен әдістер.** Марганец (II) иондарының сулы ерітіндідегі электрохимиялық қасиеті потенциодинамикалық поляризациялық қисықтар түсіру әдісі арқылы «Autolab PGSTAT» потенциостатында зерттелінді. Вольтамперометрлік зерттеулер катодты-анодты кеңістігі бөлінген үш электродты, термостатталған электролизерде жүргізілді. Тұрақты температураны сақтау мақсатында LT-105a маркалы термостат қолданылды. Салыстырмалы электрод ретінде қаныққан KCl ( $E=+0,225\text{В } 20^{\circ}\text{C}$ ) (Baeshov et al, 2024; Akhmetov et al, 2002), ерітіндісіне батырылған күміс-хлор электроды және көмекші электрод ретінде ауданы үлкен платина сымы қолданылды. Жұмысшы катод электроды ретінде тефлонмен қапталған диаметрі — 4мм болатын титан және қорғасын сымдары пайдаланылды.

Әрбір тәжірибе алдында жұмысшы электродтарды ұнтақтылығы 2000 болатын түрпі (наждак) материалында тегістеп, майсыздандырып, сумен шайып соңынан фильтр қағазымен мұқият тазаланды.

Титан және қорғасын электродтарында марганецтің тотықсыздану процесін зерттеу үшін келесі электролит құрамы пайдаланылды:

- фон электролит ретінде  $[(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4]$  ерітіндісі;
- жұмысшы электролит ретінде  $[\text{Mn}^{2+}] + [(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4]$  ерітіндісі мен  $[\text{Mn}^{2+}] + \text{H}_2\text{O}$  сулы ерітіндісі қолданылды.


**Нәтижелер мен талқылаулар.** Марганецті электролиттік әдістер арқылы алу





Сутек бөліну потенциалының неғұрлым теріс мәндерге ығысуы титан электродындағы сутектің бөліну асқын кернеуінің жоғары болуымен түсіндіріледі. Бұл қасиет титан электродында марганецті тотықсыздандыруға тиімді электрод материалы ретінде пайдалануға болатынын дәлелдейді.

Марганец (II) иондарының қорғасын электродында тотықсыздану процесін зерттеу барысында аммоний сульфаты және сулы ерітіндіде екі ток максимумы байқалды (3-сурет, 2 және 3 қисықтар). Бірінші ток максимумы фон электролитінде де тіркелді (3-сурет, 1 қисық) және ол электрод бетінде түзілетін қорғасын сульфатының ( $\text{PbSO}_4$ ) тотықсыздану реакциясына сәйкес келеді (Dunaev, 1978; Baeshov et al, 1986). Бұл процесс келесі реакция теңдеуімен түсіндіруге болады:



Сурет 2 - Титан электродында түсірілген катодты потенциалдинамикалық поляризациялық қисықтар: 1 — Фон электролиті,  $[(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4] = 150\text{г/л}$ ,  $V = 100\text{мВ/с}$ ,  $t = 25^\circ\text{C}$ ; 2 — сулы ерітінді  $[\text{Mn}^{2+}] = 30\text{ г/л}$ ,  $V=100\text{мВ/с}$ ,  $t = 25^\circ\text{C}$ ; 3 —  $[\text{Mn}^{2+}] = 30\text{ г/л}$ ,  $[(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4] = 150\text{г/л}$ ,  $V=100\text{мВ/с}$ ,  $t = 25^\circ\text{C}$


Екінші ток максимумы аммоний сульфаты ерітіндісінде  $-1,38\text{ В}$ -та, ал сулы ерітіндіде  $-1,58\text{ В}$  потенциалында байқалды және ол марганец иондарының 1-ші реакция бойынша тотықсыздану процесіне сәйкес келеді.

Төртінші суреттен байқағанымыздай сулы ерітіндіде (3-сурет, 3 қисық) марганец иондарының тотықсыздану процесі неғұрлым теріс потенциалдарға ( $-1,58\text{ В}$ ) ығысқан. Ал, аммоний сульфаты ерітіндісінде (3-сурет, 2 қисық) марганецтің тотықсыздануы шамамен  $-1,0\text{ В}$  басталады және  $-1,38\text{ В}$  ток максимумы тіркелді. Бұл  $\text{Mn}^{2+}$  иондары аммоний иондарымен кешен түзуі нәтижесінде тұрақтанаты-

нын көрсетеді. Жалпы катодты марганец алу процесінде көп жағдайда осы ортада жүргізу ұсынылады (Xiaosan et al, 2021; Xue et al, 2017; Tajima et al, 1976).


Белгілі әдебиеттерде электролит ерітіндісінің электрөткізгіштігін арттыру, ұяшық кернеуін төмендету және энергия шығынын азайту мақсатында  $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$  реактивін қолдануға кеңес береді. Сонымен қатар,  $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$  католит құрамында қышқыл-негіздік буфер ретінде қызмет атқарып, ерітіндінің рН тепе-теңдігін тұрақты ұстап тұруға мүмкіндік беретіндігі айтылған (Wei et al, 2010). Ал, тек сулы орта марганецтің кешенді қосылыстарының түзілмеуінен  $\text{Mn}^{2+}$  иондары тотықсыздану потенциалы теріс бағытқа ығысуы және сутектің бөліну реакциясының айқын бәсекелестікте жүруімен түсіндіріледі.

Титан электродындағы циклдік анодты-катодты, катодты-анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисықтарды зерттеу нәтижесінде анод аймағында электрохимиялық белсенділіктің іс жүзінде байқалмайтыны анықталды (4-сурет). Электрод бетінде оттектің бөлінуі +1,20 В потенциалында тіркелді. Потенциал берілу бағытын анодтан катод бағытына қарай ығыстырғанда -1,30 В потенциалда марганец иондарының 1 реакция бойынша тотықсыздану процесіне сәйкес келетін ток максимумы тіркелді. Ал -1,51 В потенциалында 2 реакция бойынша сутектің бөліну процесі басталады.



Сурет 3 - Қорғасын электродында түсірілген катодты потенциодинамикалық поляризациялық қисықтар: 1 — Фон электролиті,  $[(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4] = 150 \text{ г/л}$ ,  $V = 100 \text{ мВ/с}$ ,  $t = 25^\circ\text{C}$ ; 2 —  $[\text{Mn}^{2+}] = 30 \text{ г/л}$ ,  $[(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4] = 150 \text{ г/л}$ ,  $V = 100 \text{ мВ/с}$ ,  $t = 25^\circ\text{C}$ ; 3 — сулы ерітінді  $[\text{Mn}^{2+}] = 30 \text{ г/л}$ ,  $V = 100 \text{ мВ/с}$ ,  $t = 25^\circ\text{C}$

Кері сканерлеу кезінде яғни, катодтан анод бағытына қарай ығыстырғанымызда -1,30 В потенциалда анодтық ток тіркелді. Оның табиғаты электрод бетінде жаңадан тотықсызданған металдық марганецтің қайта тотығуымен байланысты екені анықталды.



Сурет 4 - Титан электродында түсірілген циклдік анодты-катодты, катодты-анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисықтар:  $[Mn^{2+}] = 30$  г/л,  $[(NH_4)_2SO_4] = 150$  г/л,  $V=100$  мВ/с,  $t = 25^\circ C$


Сонымен циклді анодты-катодты және катодты-анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисықта титан электродында марганецтің тотықсыздануы және кейіннен қайта тотығу процестері айқын байқалады. Оттегі мен сутектің бөлінуі тиісінше оң және теріс потенциалдарда жүреді.

Келесі 5-суретте аммоний сульфаты ерітіндісіне батырылған қорғасын электродында алынған циклдік анодты-катодты, катодты-анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисық көрсетілген.

Анодтық аймақта оттегінің бөлінуі тек +1,5 В потенциалда тіркеледі, бұл процестің қорғасын электродында айтарлықтай асқын кернеумен жүретінін көрсетеді. Потенциал беру жылдамдығын анодтан катод бағытына ығысқанда, -0,5 В потенциалда қорғасын сульфатының тотықсыздануына (3-реакцияға сәйкес) сәйкес келетін ток максимумы және -1,3 В потенциалда марганец иондарының тотықсыздануына (1-реакцияға сәйкес) тән ток максимумдары тіркеледі.

Потенциалдың әрі қарай катодтық жаққа ығысуы кезінде -1,52 В-тан бастап сутектің бөліну процесі жүреді.

Кері сканерлеу кезінде (катод → анод) екі анодтық максимум тіркеледі: біріншісі -1,3 В потенциалда байқалып, электрод бетінде жаңадан тотықсызданған элементті марганецтің қайта тотығуымен байланысты; екіншісі -0,5 В потенциалда байқалып, электрод бетінде тотықсызданған металл қорғасынның қайта тотығуы жүретіндігі анықталды.



Сурет 5 - Қорғасын электродында түсірілген циклдік анодты-катодты, катодты-анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисықтар:  $[Mn^{2+}] = 30$  г/л,  $[(NH_4)_2SO_4] = 150$  г/л,  $V=100$  мВ/с,  $t = 25^\circ C$

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе вольтамперометриялық зерттеу нәтижелері бойынша титан катодында,  $(NH_4)_2SO_4$  ерітіндісінде марганец иондарының тотықсыздануы  $-1,38$  В потенциалда токтың айқын максимумымен сипатталады. Титан катодында сутектің бөлінуі анағұрлым теріс потенциалдарда ( $-1,51$  В) басталады, яғни сутектің тотықсыздану потенциалы марганецтің тотықсыздану потенциалынан едәуір солға ығысқан. Мұндай потенциалдық айырмашылық  $Mn^{2+}$  иондарының тотықсыздануымен  $H_2$  бөлінуі арасындағы электрокатодтық бәсекелестікті төмендетіп, марганецтің селективті әрі тұрақты тотықсыздануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, титан электродында циклдік анодты-катодты, катодты-анодты сканерлеу кезінде жаңадан тотықсызданған металдық марганецтің қайта тотығуымен байланысты айқын анодтық ток максимумы тіркелді. Бұл процестің қайтымдылығын және электрод бетінде жаңа тотықсызданған металдың электрод бетімен жақсы жанасуын дәлелдейді. Ал, қорғасын электродында марганец иондарының тотықсыздануымен қатар электрод бетінде қорғасын қосылыстары ( $PbSO_4$ ) түзіліп, оның қорғасын металына дейін тотықсыздануы орын алатындығы анықталды. Бұл электрод бетінде таза өнімді алуды шектеумен қатар қосымша шығынның жүруін көрсетеді. Осы нәтижелерге сүйене отырып, титан электродын марганецтің электроэкстракциясы үшін тиімді катодтық материал ретінде ұсынуға болады.

#### Әдебиеттер

Baeshov A., Figurinaite I.V., Beybitova A.D., Zhurinov M.Zh. Katodnoe povedenie shestivalentnogo tellura v sernokislom rastvore na tverdykh elektrodakh [Cathodic Behavior of Hexavalent Tellurium in Sulfuric Acid Solution on Solid Electrodes], Izvestiya VUZov. Tsvetnaya Metallurgiya, 1986. — No. 4. — P. 117—119. (In Russian).

Dunaev Y.D. Nerastvorimye anody iz splavov na osnove svintsya [Insoluble Anodes from Lead-Based Alloys]. — Alma-Ata, Nauka KazSSR, 1978. — P. 316. (In Russian).

Fan X., Xi S., Sun D., Liu Z., Du J., Tao Ch. (2012) Show more Mn-Se interactions at the cathode interface during the electrolytic-manganese process, Hydrometallurgy, 24-29. DOI 10.1016/j.hydromet.2012.07.006.

Lu J., Dreisinger D., Glöckner T. (2014) Manganese electrodeposition - A literature review, Hydrometallurgy. — Vol. 141. — 105-111. DOI 10.1016/j.hydromet.2013.11.002.

Makhanbetov A.B., Myrzabekov B.E., Gaipov T.E., Tazhibayev A., Abduvaliyeva U.A. (2021) Electrochemical behavior of manganese dioxide when a part of the composite electrode and electrochemical leaching of manganese ore in a sulfuric acid medium, Rasayan J. Chem., 14. — No. 4. — P. 2202-2208. DOI 10.31788/RJC.2021.1446491.

Tajima S., Baba N. & Midorikawa T. (1976) Electrodeposition of high purity manganese from low temperature (-16° C) chloride electrolyte. J. Appl. Electrochem. — Vol. 6. — 243-250. DOI 10.1007/BF00616147.

Wei Q., Ren X., Du J., Wei S., Hu S.R. (2010) Study of the electrodeposition conditions of metallic manganese in an electrolytic membrane reactor, Minerals Engineering. — Vol. 23. — Issue 7. — 578-586. DOI 10.1016/j.mineng.2010.01.009.

Xiaosan S., Jie Z., Boyang S., Sanfan W., Nan W.U. (2021) Electrodeposition of Manganese Metal and Co-production of Electrolytic Manganese Dioxide Using Single-membrane Double-chamber Electrolysis, Electrochemistry. — Vol. 89. — No. 5. — P. 447-454. DOI 10.5796/electrochemistry.21-00060.

Xu F., Dan Zh., Zhao W., Han G., Sun Z., Xiao K., Jiang L., Duan N. (2015) Electrochemical analysis of manganese electrodeposition and hydrogen evolution from pure aqueous sulfate electrolytes with addition of SeO<sub>2</sub>, JEAC. — Vol. 741. — 149-156. DOI 10.1016/j.jelechem.2015.01.027.

Xue J.R., Zhong H., Wang S. et al. (2017) Influence of tetraborate anions on manganese electrodeposition in an anion-exchange membrane electrolysis reactor, Ionics. — Vol. 23. — P. 177-189. DOI 10.1007/s11581-016-1793-z.

Yunyu L., Xuhai P., Bahman A.H. (2025) Advancements in Sustainable Electrolytic Manganese Recovery: Techniques, Mechanisms, and Future Trends, Recycling. — Vol. 10(1). — 1—46. DOI 10.3390/recycling10010026.

Ахметов Т.Г., Порфирьева Р.Т., Гайсин Л.Г., Ахметова Л.Т., Хацринов А.И. (2002) Химическая технология неорганических веществ. — М., Высшая школа. — 533 с.

Баешов А., Баешова А.К., Турлыбекова М.Н., Мырзабеков Б.Э. (2024) Уран өндірісіндегі жерасты шаймалау процесінің тиімділігін арттыру үшін үшвалентті темірді қалпына келтірудің электрохимиялық әдісі, Қазақстанның химия журналы. — 1(85). — С. 142-153. DOI 10.51580/2024-1.2710-1185.14.

Баешов А., Мырзабеков Б.Э. (2020) Стационарлы емес токпен поляризацияланған платина электродының қышқылды ортадағы электрохимиялық қасиеті, Қазақстанның химия журналы. — 4(72). — С. 154-165.

Баешов А., Мырзабеков Б.Э., Абдувалиева У. (2020) Селенит-иондары бар тұз қышқылды мыс (II) ерітіндісінде мыс электродтарын өндірістік айналымы токпен поляризациялау кезінде селен ұнтақтарының түзілу заңдылықтары, Қазақстанның химия журналы. — 4(72). — С. 48-59.

Сухотина А.М. (1981) Справочник по электрохимии / под ред. Сухотина А.М. Л., Химия. — 488 с.

Ямпольский А.М. (1997) Электролитическое осаждение благородных и редких металлов. Изд. 4-е, перераб. и доп. — Л., «Машиностроение». — 96 с.

## References

Akhmetov T.G., Porfiryeva R.T., Gaisin L.G., Akhmetova L.T., Khatsrinov A.I. Khimicheskaya tekhnologiya neorganicheskikh veshchestv [Chemical Technology of Inorganic Substances]. — Moscow, Vysshaya shkola, 2002. — P. 533. (In Russian).

Baeshov A., Baeshova A.K., Turlybekova M.N., Myrzabekov B.E. Uran ondirisindegi zherasty shaimalau protsesinin tiimdiligini arttyru yshin yshvalentti temirdi qalpyna qeltirudin ehlektrokhimiyalyk adisi [Electrochemical Method for the Reduction of Trivalent Iron to Enhance the Efficiency of the In-Situ



Leaching Process in Uranium Production], *Journal of Chemistry of Kazakhstan*, 2024. — 1(85). — P. 142-153. DOI 10.51580/2024-1.2710-1185.14. (In Kazakh).

Baeshov A., Figurinaite I.V., Beibitova A.D., Zhurinov M.ZH. (1986) Katodnoe povedeniya shestivalentnogo tellura v sernokislom rastvore na tverdykh ehlektrodakh. *Izvestiya vuzov, Tsvetnaya metallurgiya*. — No. 4. — P. 117-119. (In Russian).

Baeshov A., Myrzabekov B.E. Ctatsionarly emes tokpen polyarizatsiyalangan platina elektrodynyn qyshqyldy ortadagy elektrokhimiyalyq qasieti [Electrochemical Properties of a Platinum Electrode in an Acidic Medium under Non-Stationary Current Polarization], *Journal of Chemistry of Kazakhstan*, 2020. — 4(72). — P. 154-165. (In Kazakh).

Baeshov A., Myrzabekov B.E., Abduvalieva U. Selenit-iondary bar tuz qyshqyldy mys (II) eritindisinde mys elektrodтарынд ondiristik aynymaly tokpen polyarizatsiyalau kezinde selen untaktarynyn tuzilui zandylyktary [Regularities of Selenium Powder Formation during Polarization of Copper Electrodes by Industrial Alternating Current in Hydrochloric Acid Copper (II) Solutions Containing Selenite Ions], *Journal of Chemistry of Kazakhstan*, 2020. — 4(72). — P. 48—59. (In Kazakh).

Dunaev YU.D. (1978) Nerastvorimye anody iz splavov na osnove svintsa. *Alma- Ata., «Nauka» KaZSSR*. — P. 316. (In Russian).

Fan X., Xi S., Sun D., Liu Z., Du J., Tao Ch. (2012) Show more Mn-Se interactions at the cathode interface during the electrolytic-manganese process, *Hydrometallurgy*. — P. 24-29. DOI 10.1016/j.hydromet.2012.07.006. (In English).

Lu J., Dreisinger D., Glöckner T. (2014) Manganese electrodeposition - A literature review, *Hydrometallurgy*. — Vol. 141. — P. 105-111. DOI 10.1016/j.hydromet.2013.11.002. (In English).

Makhanbetov A.B., Myrzabekov B.E., Gaipov T.E., Tazhibayev A., Abduvaliyeva U.A. (2021) Electrochemical behavior of manganese dioxide when a part of the composite electrode and electrochemical leaching of manganese ore in a sulfuric acid medium, *Rasayan J. Chem.* — 14. — No. 4. — P. 2202-2208. DOI 10.31788/RJC.2021.1446491. (In English).

Sukhotina A.M. *Spravochnik po elektrokhimii [Handbook of Electrochemistry]*. Ed. by A.M. Sukhotina. Leningrad, Khimiya, 1981. — P. 488. (In Russian).

Tajima S., Baba N. & Midorikawa T. (1976) Electrodeposition of high purity manganese from low temperature ( $-16^{\circ}\text{C}$ ) chloride electrolyte. *J. Appl. Electrochem.* — Vol. 6. — P. 243-250. DOI 10.1007/BF00616147. (In English).

Wei Q., Ren X., Du J., Wei S., Hu S.R. (2010) Study of the electrodeposition conditions of metallic manganese in an electrolytic membrane reactor, *Minerals Engineering*. — Vol. 23. — Issue 7. — P. 578-586. DOI 10.1016/j.mineng.2010.01.009. (In English).

Xiaosan S., Jie Z., Boyang S., Sanfan W., Nan W.U. (2021) Electrodeposition of Manganese Metal and Co-production of Electrolytic Manganese Dioxide Using Single-membrane Double-chamber Electrolysis, *Electrochemistry*. — Vol. 89. — No. 5. — P. 447-454. DOI 10.5796/electrochemistry.21-00060. (In English).

Xu F., Dan Zh., Zhao W., Han G., Sun Z., Xiao K., Jiang L., Duan N. (2015) Electrochemical analysis of manganese electrodeposition and hydrogen evolution from pure aqueous sulfate electrolytes with addition of  $\text{SeO}_2$ , *JEAC*. — Vol. 741. — P. 149-156. DOI 10.1016/j.jelechem.2015.01.027. (In English).

Xue J.R., Zhong H., Wang S. et al. (2017) Influence of tetraborate anions on manganese electrodeposition in an anion-exchange membrane electrolysis reactor, *Ionics*. — Vol. 23. — P. 177—189. DOI 10.1007/s11581-016-1793-z. (In English).

Yampolskiy A.M. *Elektroliticheskoe osazhdenie blagorodnykh i redkikh metallov [Electrolytic Deposition of Noble and Rare Metals]*. 4th ed., revised and expanded. Leningrad, Mashinostroenie, 1997. — P. 96. (In Russian).

Yunyu L., Xuhai P., Bahman A.H. (2025) Advancements in Sustainable Electrolytic Manganese Recovery: Techniques, Mechanisms, and Future Trends, *Recycling*. — Vol. 10(1). — 1-46. DOI 10.3390/recycling10010026. (In English).

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)  
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)  
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*  
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.12.2025.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
18,0 п.л. Заказ 4.